

мытуға кедергі келтіретін жағдайларды сарпатаған.

Conclusion

The present article considers the stages of women's movement formation in the Republic of

Kazakhstan. The authors single out the types of women's non-governments organizations and systematize their activities. They also describe those factors that obstacle the development of the women's movement in the country.

БІЛІМНІҢ ҚОҒАМДЫҚ ОРТАДАҒЫ РӨЛІ

Шолпанбаева Ғ.Ә.

Жалпы білім беру деп отырғанымыз – оқушыларды жан-жақты дамыту, ақыл-ойын, танымдық қызығушылығын қалыптастыру, еңбекке дайындау үшін белгілі типтегі мектепте оқылатын білім мен біліктер жүйесі. Білім беру әлеуметтік институт ретінде қоғамның әлеуметтік ұсақ құрылымдарының бірі ретінде қарастырылады. Білім берудің мазмұны – қоғам жағдайының көрінісі, оның бір жағдайдан екінші жағдайына ауысуы. Қазіргі уақытта бұл – ХХ ғасырдың индустриалды қоғамнан ХХІ ғасырдың постиндустриалды және ақпараттық қоғамына көшу. Білім берудің дамуы мен қызмет етуі қоғамның өмір сүруінің экономикалық, саяси, мәдени тағы да барлық басқа шарттары және факторларымен шартталған. Білім мен мәдениет ең тығыз байланыста «білім беру» институтының қалыптасуына ең бірінші сатыларының өзі табыну, ғұрыптарымен байланысты: сол кездегі мәдениет ұдайы өндіруді талап етіп отырған. Білімнің қоғамдық ортадағы алатын орны оның сапасына да байланысты болып келеді. Себебі білім ең негізгі объект болып табылады. Сондықтан да ең алдымен оның айырмасы сапасы жан-жағына тигізетін ықпалын есепке алған дұрыс. Бұл жай ғана шарттылану емес, бұл өзара мәнді байланыс, ол білім берудің дамуы мен қызмет етуінің негізгі принципі «мәдени сәйкестілік» принципінен көрінеді. Бұл жерде білім беру, ең алдымен, адамның ұдайы өндірілу немесе қоғамдағы адам мәдениетінің ұдайы өсуі міндетін атқарушы әлеуметтік институт ретінде қарастырылады.

Қазіргі заман – ақпараттық технологиялар заманы. Қоғамымыздың барлық саласында дерлік ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері кеңінен енгізіліп, пайдаланып жатыр. Білім жүйесі де қоғамдағы жаңашыл бетбұрыстардан тыс қалмай, оң өзгерістердің барлығын дерлік мақсатына сәйкес, қажетіне қарап қолданып келеді. Осы ретте білім жүйесіне оқытудың жаңа инновациялық технология-

лары енгізіліп отыр. Білім беру жүйесі қоғамды қалыптастырып дамытатын, өзгерістер енгізетін ресурстарды дайындаумен айналысады, сондықтан үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Бұл ретте елімізде көптеген іс-шаралардың қолға алынғанына өзіміз де куә болып жүрміз. Мәселен, оқу жылының басында Елбасы Н.Ә. Назарбаевпен өткізілген интерактивті сабақ бұған бірден-бір дәлел бола алады.

Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандырусыз ұйымдастырып, жоспарлау мүмкін емес. Инновациялық технологияларды оқу үрдісіне енгізу мақсатында М. Өтемісов атындағы БҚМУ-да инновациялық технологиялар бөлімшесі қызмет етуде және бірқатар іс-шараларды жоспарлы түрде ұйымдастырып, айқын нәтижелерге қол жеткізуде. Бұл бөлімше барлық оқытушылармен бірлесе жұмыс жасай отырып, университет, колледж оқытушысының шығармашылық мүмкіндігін биікке асыруға қол ұшын беріп келеді.

Атап айтсақ, оқу телевидениесі деректі фильмдерді дайындап, дәрістерді түсіріп, таратып, көпшілік назарына ұсыныс және осы цифрлық формат түріндегі өнімдерді басқалардың да игілігіне пайдалануына жағдай туғызып отыр.

Білім беру дәстүрлі түрде адамның өн бойына, өз бейнесіне ұқсасты құру ретінде анықталады. Бұл анықтамада терең діни мағына да болуы және бұл ұғымды ақсүйектік мәдени тарихи тұрғысынан тұжырымдау болуы мүмкін. Білім беру деген ұғым өзінің бастамасын ежелгі орта ғасырлардан бастау алады, ол бейне Құдай бейнесі ұғымдарымен байланысты. Адам құдайға ұқсатылып жаратылған және бұл бейнені ұстану білім беру ретінде түсіндірілген. Адамның өзі құндылық болған соң қайта өрлеу дәуірінен бастап білім беру адамның өзін өзі дамыту мәдениетке тартылу оған ену басқа адамдармен қарым-қатынас жасау әдісі ретінде қарастырады. Білім беру адам бейнесін, тұлғасын жасаудың құралы бола

бастайды. Бұл жағдай мәдениет бейнесі білім беруде қолданылатын мазмұнға, ұйымдастыру мен әдістерге түседі. К.Д. Ушинский: «Негізгі әдіс – Сократтық әдіс, сұрақтар қою әдісі, әдістің бұл түрі оқушыларға ой қозғау барысында жауапты өздері табуға мүмкіндік береді», – дейді.

Еуропада, Ұлыбританияда, АҚШ-та кеңінен таралған «education» термині білім дегенді білдіреді, алайда білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінің барлық аспектілерін қамтып, ол мазмұны бойынша кең ұғым болып табылады. Сол себепті білім беру оның мәдени сәйкестілігіне байланысты қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын интернационалдыру ретінде оқыту мен тәрбие берудің өзара байланысты бұл процесте ажыратылмайды. Және осы жерде Л.Н. Толстой былайша ерекше атап көрсетеді: «Білім бермей тәрбие беруге болмайды, ал кез-келген білімнің тәрбелеуші әсері бар». Бұл ойды XVIII ғасырда И.И. Бец ерекше атап көрсеткен болатын. Соған сәйкес, білім беру шын мәнінде сырттан басқарылатын өзін-өзі оқыту болып табылып, яғни мәдениет бейнесі және оны ұдайы өндіру бойынша МЕН бейнесін жасау үшін өзара байланысты тұрғыдан қарастырыла алынады. Білім беруші жүйе, жастардың қазіргі заманда білім беру немесе нақты адамға білім беру оның білімділігін назарға ала отырып, осы процестің жеке немесе ұжымдық нәтижесі ретінде қарастырылады.

Қазіргі жаһандану үрдісі қарқын алған сайын дүниежүзі халықтары өздерінің ұлттық төлтумалылығын сақтап қалуға, отаншылдық сезімдерін шындай түсуге айрықша көңіл бөлуде. Америкада соңғы жылдары мектеп арқылы танымға ынтық ұлтқа айналдыру үшін «Америка – 2000. Білім беруді дамытудың стратегиясы» атты ұлттық бағдарлама жасалды. Ұлыбританияда «Үлгілі мектептер» деген атпен ұлттық бағдарлама қабылданды. Білім беру саласындағы Швецияда – білім берудегі сапа, Жапонияда – Рух биіктігі мен мәдениеттегі тереңдік деген бастамалар түрінде көрініс тапқан.

Қазақстанның ұлттық құрамы, демографиялық кескіні басқа елдерге қарағанда біршама күрделі болғандықтан, ұлттық мемлекет, ұлттық бағдар, ұлттық тәрбие ұлттық идеология сияқты мәселелер әлі де болса толық шешімін таба алмай жатыр. Себебі Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, сол барлық ұлт өкілдерінің мүддесін ұштастыратын сананы

қалыптастыру, қазіргі кезеңде ең үлкен мәселе. Ұлттық тілді дамыту, ұлттық тарихты жаңғырту, салт-сана, әдет-ғұрыпты қалпына келтіру тағы да басқа көптеген мәселелер үлкен көңіл аударуды қажет етуде.

Жаңа Қазақстан үшін бүгінде өзіндік қазақ өркениетін дамыту, экономикалық әлеуетін өсіру, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, менталитетін, тағы да басқа ұлттық құндылықтар аясын кеңейту өзекті мәселе болып отыр.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек көптеген мемлекеттерде мектеп және кәсіптік білім беру мекемелері оқушыларына экономикалық білім беру мәселесіне көп көңіл бөлінген. АҚШ-та, Жапонияда экономикалық білім беру жөнінде ұлттық кеңес құрылған. Бұл елдерде экономика бастауыш мектептен бастап оқытылады.

Ұлыбританияда оқушыларға білім беруге үлкен көңіл бөлінген. Балаларды үй шаруашылығы негізінде және қоғамдық экономикалық бағдар жасай білу біліктерін қолдануға бағытталған арнайы экономикалық бағдарламалар қарастырылған. Англияда балаларға кішкентайынан еңбексүйгіштік қасиетін дәріптеп үйретеді. 1991 жылдан бері Ресей мектептерінде қолданбалы экономикалық білім берудің ұлттық кеңесінің көмегімен С. Равичев және Т. Протасевич «Современная экономика» бағдарламасын дайындаған және ол бағдарлама Ресей мектептеріне таратылған. 1993 жылы Ресей Федерациясы Білім министрлігі жанындағы Жалпы білім беру жөніндегі сарапшылар кеңесінде экономикалық білім беру секциясы құрылған. Ал, Қазақстанда мектеп оқушыларына экономикалық білім берудің жағдайы төмендегідей сипатта ашып көрсетуге болады. Орта мектептегі «Экономика», Мемлекеттік Экономикалық білім негіздеріндегі алғашқы түсініктер «Математика», «Экономикалық география», «Қоғамтану», «Еңбекке баулу», «Дүниетану» сияқты пәндер мазмұнының құрамына енеді.

Оқушылардың танымдық көзқарасын қалыптастыруда қоғамдық пәндер арасында көрсетіп отыр және ол мектеп оқушыларын экономикалық дайындаудың сұраныс талаптарының өсуіне жауап береді. Осыған байланысты республиканың көптеген мектептері ұстаздардың жаңашыл тәжірибесіне сүйене отырып, базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінде қарастырылған сағаттар саны есебінен орта және

мүмкіндігіне қарай бастауыш сатылардан бастап экономиканы оқытуды жолға қойып отыр.

Іс тәжірибедегі экономикалық бағдарламалар оқушылардың іскерлік қарым-қатынасты, іскерлік жетістіктер мен біліктіліктерді меңгеруге көмектесетін клубтық және үйірмелік сабақтар арқылы, сонымен қатар бизнес пен кәсіпкерлік және экономикалық білім негіздері бойынша факультативтік курстар арқылы да іске асырылуда.

Ал 1997-1998 жылдан бастап Павлодар, Қарағанды облыстарындағы мектептерде эксперимент түрінде бастауыш мектептерге экономика пәні бойынша оқулықтар мен жұмыс дәптерлері Павлодар облыстық білім саласы қызметкерлерінің білімін көтеру және қайта даярлау институты базасындағы экономика кафедрасы Павлодарлық ізденушілердің бастамасын әрі қарай жалғастырып, 5-11 сыныптарға арнап оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдар дайындаудың дидактикалық талаптарын зерттеу және оларды жасауға дайындық жұмыстарды жүргізе бастады.

Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігі мектептерде экономикалық білім беру ісіне үлкен көңіл бөлуде. 2000 жылдың 24 ақпанындағы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы мектептерінде «Экономика білімдерінің негіздері» курсы оқыту туралы» №155 бұйрығын іске асыру мақсатында оқушыларға экономикалық білім берудегі көптеген істер қолға алынды.

Солардың бірі Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясында академик, экономика ғылымдарының докторы, профессор С. Сатыбалдиннің басшылығымен 5-11 сыныптарға арналған «Педагогикалық білім негіздері» төл оқулығы жарық көріп, Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігінің 2002 жылғы 27 желтоқсанындағы №914 бұйрығына және 2003 жылдың 24 желтоқсандағы №814 бұйрығына сәйкес пайдаланылуда.

Соңғы уақыттарда экономикалық білім мазмұнын анықтау, білімге қойылатын талаптарды нақтылау мәселелерімен қоса, экономика пәні мұғалімдерін даярлауға да ерекше мән берілуде. Педагогика пәні мұғалімдерін даярлау - оқушыларға экономикалық білім берудің қажетті алғы шарты.

Қазіргі кезде педагогика пәні мұғалімдерін дайындаудың төмендегідей бағыттары ұсынылады:

жоғарғы білімді педагогтарды арнайы курстарда дайындау арқылы;

жоғарғы білімді экономистерді арнайы курстарда дайындау;

педагогика пәні мұғалімдерін арнайы мамандық беру негізінде педагогикалық жоғарғы оқу орындарында дайындау.

Біз мектеп оқушыларына экономикалық білім беруді теориялық-әдіснамалық тұрғыда экономика ұғымын талдаудан бастадық.

Философиялық сөздікте экономика ұғымына мемлекетті басқару құралы, ал экономикалық сөздікте – қоғамды өмірлік материалдық қажеттілік және қызметтермен қамтамасыз ететін шаруашылық салаларының жиынтығы деп анықтама береді. Педагогикалық әдебиеттерде экономика ғылым саласы ретінде қарастырылады. Осы уақытқа дейін мектепте экономика жеке пән есебінде немесе білім беру аймағы есебінде қарастырылмағандықтан, кей экономикалық ұғымдар мен түсініктер жаңа буын оқулықтары мазмұнына енген.

Қазақстанда талапқа сай экономика пәнін оқыту бағдарламасы, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар болмады. Сондықтан осы оқулықты жаюды алдымен оқушыларға берілетін экономикалық білім мазмұнын анықтаудан бастаған жөн.

Ғылыми зерттеулердің қорытындылары экономиканы жүйелеп оқытудың психологиялық-педагогикалық және оқушылардың физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, мектеп пәні ретінде, экономиканың негізі мектептің 5 сыныбынан бастап оқытуға болатынын дәлелдеп отыр. Өйткені 1-4 сыныптардағы жаңа буын оқулықтары мазмұнында экономикалық ұғымдар қажетті және жеткілікті деңгейде берілген.

Әрбір тарихи дәуір өзіне тиесілі болысымен айрықша ерекшеленеді. Осы ерекшелік азамат адамзат қоғамын жаңа әлеуметтік тәжірибелермен толықтырып отырады. Қазақтың рухани әлемі – бүгінде қол жеткізіп отырған тәуелсіздігіміздің қайнар бұлағы. Осы орайда ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар туралы айтатын болсақ, бұл екі мәселеде ұлттық мәдениетпен тікелей байланысты. Ал ұлт мәдениеті – бүкіл дүниежүзілік мәдениет атаулының өзіндік ішкі қасиеті. Ол – бұрынның келе жатқан мәдени дәстүр. Қазақтың мәдениетінің дамуын күллі адамзат мәдениеті тарихымен байланысты түрде біртұтас әлеуметтік бөлінбес бір буын ретінде қарағанымыз дұрыс. Жекеленген елдердің ұлттық мәдениеті өзінің да-

му процесінде әлемдік мәдениетке дейін көтерілді. Бүгінде заман талабына сай күн тәртібіне сай қойылып отырған мәселелердің бірі – тарихымызды, мәдениетімізді қайта жаңғырту, өткенге жаңаша көзқараспен қарау. Бұл ұлттық идея мазмұнына жаңа талпыныс беріп отыр.

Жалпы қоғам мен адамзаттың дамуында білімнің анықтаушы рөлі мақұлданған шақта заман талабына сай білім беру өзектілігі айқындалуда. Бүгінгі өмір экономикалық-құқықтық білім мен біліктілікті талап етуде.

Экономикалық білім беру, құқықтық тәрбие беру және экономикалық ойлауды қалыптастыру – жас жеткіншіктерді өмірге дайындаудағы тұтас процесс. Экономикалық сауаттылықтың нағыз артықшылығын тек экономикалық білімді өмірдің барлық мәселелерін шешуге пайдалана білу қабілеттілігі дамыған жағдайда ғана білуге болатынын, осыған қатысты мектеп оқушыларына экономикалық білім беру болашағы зор екенін зерттеу қорытындылары көрсетті.

Оқушыларға экономикалық білім берудің дидактикалық негіздерін анықтау бағытындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері осы мәселе төңірегіндегі ғылыми зерттеулердің бастамасы десек те болады. Біз өте күрделі педагогикалық құбылыстың теориялық - әдіснамалық тұрғыда зерттелуінің тек бір бағытын ғана қарастырдық. Бұл мәселе әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу нәтижелері және іс-тәжірибе көрсетіп отырғандай, оқушыларға құқықтық-экономикалық білім беру мәселесін шешуге түрлі объективті және субъективті факторлар әсер етеді.

Біріншіден, еліміздің бір қоғамдық формациядан екінші қоғамдық формацияға көшіп, әлеуметтік-экономикалық дамуының әлі де толық тұрақталмаған жағдайда болуы.

Екіншіден, республикада бұл мәселені зерттеп, басқарып ұйымдастыратын арнайы ғылыми-зерттеу орталығының болмауы.

Үшіншіден, экономикалық білім беру мәселесін зерттеуге қатысты отандық іс-тәжірибенің жеткіліксіз болуы.

Төртіншіден, оқушыларға құқықтық-экономикалық білім беруді жүзеге асыратын педагог кадрлар дайындау мәселесінің әлі де толық қолға алынбай отырғандығы.

Бесіншіден, республика мектептерінде экономикалық білім әлі де базистік оқу жоспа-

рының вариативтік бөлінгендігі сағат саны есебінен ғана беріліп келуі.

Алтыншыдан, мектептердің экономикалық білім беру қажетті оқу-әдістемелік құралдармен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеуі.

Бүгінгі өмір оқушыларға жүйелі түрде экономикалық білім беруді талап етуде. Сондықтан оқушыларға экономикалық білім беруге қажетті оқу-әдістемелік құралдар дайындауға негіз болатын құқықтық-экономикалық білім беру мәселесінің ғылыми-әдіснамалық тұрғыда зерттелуі аса маңызды қажеттілік болды. Міне, осы қажеттілікті зерттеу міндеттерінің орындалғандығын көрсетті. Зерттеу нәтижелері және дайындалған теориялық - практикалық материалдар біздің ұсынған тақырыптың өзектілігі растады.

Оқушыларға білім берудің теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделіп, ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі зерттеу мақсатына жеткеніміздің кепілі болып отыр.

Арнайы жүргізілген зерттеу барысында дайындалған теориялық қағидалар мен тәжірибелік эксперимент жұмысында қол жеткен нәтижелер төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Құқықтық, философиялық, экономикалық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге, іргелі ғылыми зерттеулерге шолу жасау негізінде педагогикалық және экономикалық, құқықтық теориялардың түрлі модельдерінің, білім парагдигмалары мен жалпы орта білім жүйесі дамуының жан-жақты, әрі терең талдануы оқушыларға құқықтық-экономикалық білім беруге қатысты ғылыми зерттеу жұмысының негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Құқық, экономика пәні мұғалімін дайындау қажеттілігін қазіргі мектеп мұғалімінің білім берудегі рөлі мен оған қойылатын қазіргі талаптар тұрғысынан қарастырылуы және экономика пәні мұғалімдерін дайындауға арналған арнайы курс бағдарламасының жасалуы оқушыларға экономикалық білім берудің алғышарттарының бірі болып саналады.

Қорытындылай келе, жоғарыда келтірілген дидактикалық әдістемелер ұлы педагогикалық ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде тұжырымдалып, оқыту процестерінде қолданылып жүр. Жалпы білімнің қоғамдық ортадағы рөліне келетін болсақ бүгінгі заман технология заманы, сондықтан да білімнің әрқашанда орны ерекше болып қала береді. Және бі-

лімнің қоғамдық ортадағы орнының тағы бір ерекшелігі бүкіл елдер мәдениеттер техниканың дамуы бәрі-бәрі осы білімнің арқасында. Егер қоғамдық ортада білімнің мәні осыншама болмаса біз осы пайдаланып отырған бүкіл керек-жабдығымызды қайдан алған болар едік. Сондықтан да білімнің рөлін басқа орындармен ауыстыруға болмайды. Әрқашан білім дамып көтерілген сайын әлем де, техника да, бүкіл жаратылыс та бір орында тұрмай дамып, қозғалыс үстінде болады. Бұл қозғалыс ненің көмегі арқылы жүзеге асырылады? Әрине, білімнің көмегі арқылы, сондықтан да біз білімнің қоғамдық ортадағы орны ерекше деп айтуымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әбиев Ж., Бабаев С. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2004.
- 2 Педагогика: Дәріс курсы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2003.
- 3 Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері: Оқу құралы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008.
- 4 Білім. – 2008. – № 4.
- 5 Зимняя И.А. Педагогикалық психология. – М.: «Логос», 2005.

Резюме

В этой статье рассматривается роль знания в обществе.

Общее образование – это совокупность знаний, которые даются в школах для того, чтобы подготовить учащихся к труду, развить

их ум и способности, вызвать интерес. Для современного Казахстана расширить свой менталитет, язык, обычаи и традиции – главная задача страны.

Министерство образования и науки Республики Казахстан уделяет внимание экономическому образованию в школах. Экономическое и правовое образование – это процесс подготовки молодых людей к жизни.

После того как Казахстан стал независимой страной, появились такие исторические возможности, которые не были раньше: развить свободу личности и становление ее активности.

Conclusion

In this article exploring the knowledge's role in society.

General education is knowledge, which giving in schools in order to prepare pupils to labour, develop their mind and abilities, display their interests.

For modern Kazakhstan to enlarge mentality, language, customs and traditions is main problem of country.

Knowledge's and science's ministry of Republic of Kazakhstan is picking out attention economic education in schools.

Economic and legal education is process of preparation teenagers to life.

After Kazakhstan become independent country, appeared historic possibilities, which weren't: to develop a freedom of people and formation of his activity.

ДИДАКТИЧЕСКИЕ КОНЦЕПЦИИ: СУЩНОСТЬ И МНОГООБРАЗИЕ

Шумейко Т.С.

В философском словаре понятие «концепция» рассматривается как «определенный способ понимания, трактовки какого-либо предмета, явления, процесса, основная точка зрения на предмет или явление, руководящая идея для их систематического освещения» [1, 279]; «система взглядов, то или иное понимание явлений, процессов» [2, 258]. Некоторые исследователи отождествляет понятия «концепция» и «подход». Так, Л.П. Крившенко пишет о научно-практических подходах к воспитанию: «Эти подходы, или концепции воспитания, рождались, с одной стороны, от практики, а с другой стороны, от социально-философских, социокультурных, психологических доктрин, учений, систем» [3, 70].

Е.Н. Степанов, Л.М. Лузина считают, что «подход – это ориентация учителя или руководителя образовательного учреждения при осуществлении своих действий, побуждающая к использованию определенной совокупности взаимосвязанных понятий, идей и способов педагогической деятельности», и отмечают, что подход является комплексным педагогическим средством и включает три основных компонента: 1) основные понятия, используемые в процессе изучения, управления и преобразования педагогической практики; 2) принципы как исходные положения и основные